**Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы**
**№ 16 шарт**

Қызылорда қаласы 28 ақпан 2011 жыл

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі атынан басқарма бастығының орынбасары Мұсабеков Роман Темірбекұлы, Ереже негізінде әрекет ететін, бір тараптан және бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, «Қадам БМК» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін С. Беркимбаев екінші тараптан, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның (бұдан әрі - Заң) және 2011 жылғы "16" ақпанда сағат 10-00-да **«Экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында Шиелі ауданындағы Жахаев ауылдық округіндегі «Нұржан» каналын тазалау жұмыстарын жүргізу»** жұмыстарына бір көзден алу тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындысы негізінде, 254 бюджеттік бағдарламасы бойынша - Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 008- Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар, 149 – өзге де қызметтер мен жұмыстар ерекшелігінен осы Мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегідей келісімге келді:

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алуды **«Экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында Шиелі ауданындағы Жахаев ауылдық округіндегі «Нұржан» каналын тазалау жұмыстарын жүргізу»** жұмыстарына жариялады және Өнім берушінің **3 797 000 ( үш миллион жеті жүз тоқсан жеті мың) теңге** (бұдан әрі - Шарттың бағасы) мөлшерінде осы жұмыстарды орындауға баға ұсынысын қабылдады.

2. Жұмыстар **«Экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында Шиелі ауданындағы Жахаев ауылдық округіндегі «Нұржан» каналын тазалау жұмыстарын жүргізу»** каналын тазалау жобалық құжаттары бойынша орындалады, жобалаушы Жеке кәсіпкер «А.Усенулы», мем. лицензиясы № 002006

3. Төменде аталған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы шарт;

2) сатып алынатын жұмыстардың тізбесі және техникалық ерекшеліктері;

4. Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы құнының **3 пайызы мөлшерінде 113910 ( бір жүз он үш мың тоғыз жүз он ) теңгені** шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі тиіс. Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

- тапсырыс берушінің төмендегі банктік шотына орналастырылатын ақшаның кепілдік берілген ақшалай жарнасын: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық Департаментіндегі Депозиттік есеп шоты KZ570705022542510001 код 12, СТН 330100223818, БСК KKMFKZ2A;

- мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Ережесінің 12-қосымшасына сәйкес банк кепілдігін таңдауға құқылы.

5. Жұмыстар Шиелі ауданының аумағында жүргізіледі.

6. Өнім беруші осы Шартта көзделген барлық жұмыстардың уақытында орындалуын қамтамасыз етуді міндетіне алады. Жұмыстарды белгіленген мерзімінен бұрын орындауға болады.

7. Осы шартқа байланысты міндеттеменің орындау мерзімі 254008000 «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламаның стратегиялық жоспарына сәйкес келуі керек.

8. Шарт бойынша жұмыстың орындалу мерзімі – 27 сәуір 2011 жыл.

9. Шарттың міндеттері толық орындалғанға дейін, бірақ-та қандай жағдайда болмасын 2011 жылдың 31 желтоқсанына дейін ғана қолданылады.

10. Есептесу ұлттық валюта - теңгеде (KZT) және есепшотқа аудару арқылы жүргізіледі.

11. Төлемақы 254008000 «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру жоспарына сәйкес шарт талаптары мен **3 797 000 ( үш миллион жеті жүз тоқсан жеті мың) теңге** көлемінде орындалған жұмысқа сай төленеді. Оның ішінде, шарт бағасының **1 139 100 ( бір миллион бір жүз отыз тоғыз мың бір жүз)** теңге 30 пайызы наурыз айында алдын-ала аударылып беріледі, қалған бөлігі мынадай мөлшерде сәуір айында **2 657 900 ( екі миллион алты жүз елу жеті мың тоғыз жүз)** теңге, орындалған жұмыстардың қабылдау актісі негізінде төленеді.

12. Төлемге дейінгі қажетті құжаттар: шот-фактура мен орындалған жұмыстың қабылдау-тапсыру актісі.

13. Шарт мемлекеттік тілде екі данада жасалды, оның әрқайсының бірдей заңды күші бар.

14. Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да шарттардың өзгертпеу шартымен мына өзгерістер енгізуге болады:

1) ұқсас сатып алынатын жұмыстарға бағалар азаю жағына өзгерсе, тараптардың өзара келісімі бойынша жұмыстарға бағаның және осыған сәйкес шарттың бағасын азайту бөлігінде;

2) егер мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған, осындай өзгерістің сомасынан қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, шарттың сомасын ұлғайту бөлігінде;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстарды қоспағанда, осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген жұмыс бірлігі үшін бағаны өзгертпейтін шартпен сатып алынатын жұмыстардың көлеміндегі қажеттіліктің азаюына немесе ұлғаюына байланысты шарттың бағасын азайту не ұлғайту бөлігінде. Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты мұндай өзгертуге мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында осы жұмыстарды сатып алу үшін көзделген соманың шегінде жол беріледі.

15. Өнім беруші қосалқы өнім берушілік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (өнім берушілік бағасының) 2/3 бөлігінен аспайтын Шарт жасаса алады, және Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз Шартты үшінші тұлғаға бере

алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы Шарттың талаптарын өзгертпейді.

16. Өнім беруші Тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігіне шығындар немесе залал келтірумен және өз қызметкерлерінің денсаулығына, сондай-ақ өз қызметкерлерінің мерт болуымен байланысты және Шартты орындау ағымында және салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады.

17. Өнім беруші қабылданған шарт міндеттемелерінен туындайтын жұмыстар өндірісінің қауіпсіздік техникасы үшін толығымен жауап береді.

18. Тапсырыс берушінің немесе оның уәкілетті тұлғасының, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманың әзірлеушілерінің Учаскеге немесе Шарт бойынша жұмыстар орындалып жатқан немесе орындалатын кез келген басқа орынға баруға әрқашан рұқсаты болады.

19. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

20. Егер осындай ресми емес келіссөздер басталғанынан 21 (жиырма бір) күн ішінде Шарт бойынша дауды Тапсырыс беруші мен Өнім беруші бейбіт жолмен шеше алмайтын болса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап етуі мүмкін.

21. Егер Өнім беруші Шарттық құжаттардың талаптарын бұзып орындалған жұмыстарды түзету жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер Өнім беруші жобалау-смета құжаттамасына сәйкес жұмысты соңына дейін орындауға қабілетсіз болып шықса, Тапсырыс беруші жазбаша нұсқамамен Өнім берушіге жұмыстарды тұтастай немесе тоқтап қалу себептерін жойғанға дейін жұмыстардың бір бөлігін тоқтату туралы өкім бере алады.

22. Егер Өнім беруші жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестендіру) және тапсырыс берушіден бұл туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін 7 (жеті) күн ішінде жазбаша немесе әрекеттерімен жауап бермесе тапсырыс беруші көрсетілген 7 (жеті) күн мерзім өткеннен кейін өзінің талабын қайталауға құқылы. Егер Өнім беруші келесі 7 (жеті) күн мерзімі ішінде көрсетілген Ақауларды түзетуге жағдайы болмаса, Тапсырыс беруші өзінің басқадай әсер ету әдістерін қолдану құқығынан бас тартпастан, осы жұмысты өз күшімен орындай алады. Мұндай жағдайларда негізінде Өнім берушіге төленуі тиіс болған сомадан Тапсырыс берушінің қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындары өтемін қоса алғанда, көрсетілген Ақауларды түзету құны шегерілетін өзгерістер туралы тиісті бұйрық шығарылады. Егер Өнім берушіге төлеуге тиісті сома көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Өнім беруші Тапсырыс берушіге айырманы өз қаражатынан төлеуге міндетті.

23. Егер форс-мажорлық жағдайлар орын алса немесе ол анықтаған Ауытқулар жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдер талап етсе, сондай-ақ егер, жұмыстарды орындау үдерісінде қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын Ақаулар анықталған жағдайларда Тапсырыс беруші жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте Өнім беруші азаматтық заңнамада көрсетілген рәсімге сәйкес Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуі тиіс.

24. Өнім беруші құралдар, әдістер, техника, дәйектілік және жұмыстардың орындалу сапасын, сондай-ақ Шарт бойынша барлық жұмыстарды үйлестіру үшін толығымен жауапты және бақылауды жүзеге асырады.

25. Өнім беруші өз қызметкерлерінің, Қосалқы өнім берушілердің, Қосалқы мердігерлердің қызметкерлерімен сенім білдірілген адамдарының, сондай-ақ өнім берушімен шарт негізінде Шарт шеңберіндегі жұмыстардың бір бөлігін орындайтын басқа да адамдардың іс-әрекеттері мен кемшіліктері үшін Тапсырыс беруші алдында жауапты болады.

26. Тапсырыс беруші жұмысты немесе конструкцияны тексеру үшін сынақ жүргізе алады. Егер тексеруден кейін тексерілген жұмыс немесе конструкция ақаулы болып шықса, Өнім беруші жұмыстардың Ақауын түзетеді және (немесе) конструкцияны алмастырады.

27. Тапсырыс беруші табылған кез келген Ақаулар туралы олардың түзету мерзімін көрсете отырып, Өнім берушіні жазбаша түрде хабардар етеді.

28. Өнім беруші Ақаулар туралы хабарламаны алып, Ақауды Тапсырыс беруші көрсеткен уақыт кезеңі ішінде жоюға міндетті.

29. Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарт бойынша жеткізіп берілетін материалдар мен жабдықтардың жақсы сапада және техникалық өзіндік ерекшеліктер және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес болуына, жұмыс оның сапасын жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгертілген жұмыс ақаулы деп танылады. Өнім беруші (қосалқы өнім беруші) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе түзету Өнім беруші беретін кепілдіктерге кірмейді. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Өнім беруші материалдар мен жабдықтардың сапасын куәландыратын құжаттарды ұсынуы тиіс.

Өнім беруші Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті 4 (төрт) жыл мерзімге береді.

30. Егер бір тарап Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратын Шарттың талаптарын едәуір бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе Өнім беруші Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады.

31. Шарттың талаптарын едәуір бұзу мынаны қамтиды, бірақ аталғандармен шектеліп қалмайды:

1) егер Өнім беруші жұмыстар кестесін орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Өнім беруші Тапсырыс берушінің рұқсатынсыз 20 күнге дейінгі мерзімге жұмысты тоқтата тұрса;

3) Өнім беруші Тапсырыс беруші белгілеген негізді уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Өнім беруші оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

5) Өнім беруші жобалау құжаттамасында және шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелерін, нұсқаулықтарын және ережелерін ескермейтін болса.

32. Егер Шарт Өнім берушінің Шартты едәуір бұзуы себебінен бұзылса, Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің аванстары мен жаңа Өнім берушіні таңдау шығындарын шегере отырып, Өнім берушіге нақты орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді.

Егер Тапсырыс берушінің Шартты бұзуға байланысты шығындарының жалпы сомасы Өнім берушіге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырма Тапсырыс берушіге төленуге жататын борышты құрайды.

33. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, Шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні айтылады.

34. Мұндай жағдайларда Тапсырыс беруші барлық орындалған жұмыстардың құнын, сатып алынған материалдар мен Нысаннан машиналар мен тетіктердің шығарылуына шығыстарды төлейді.

35. Жоғарыда аталған жағдаяттар негізінде Шарт күшін жойған кезде, Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнге нақты шығындары үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

36. Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы Шарт кез келген кезеңде бұзылады:

1) Заңның 6-бабында қарастырылған шектеулердің бұзылуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге Заңда қарастырылмаған жәрдемдер көрсетсе;

Егер Шарт бұзылса Өнім беруші дереу жұмысты тоқтатып, Нысанды консервациялауды және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс берушіге тапсыруды қамтамасыз етеді.

37. Егер дүлей апат, әскери іс-қимылдар немесе Тапсырыс беруші немесе Өнім беруші бақылай алмайтын қандай басқа бір басқа форс-мажорлық оқиға Шарттың орындалуын бұзса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Өнім беруші тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде жұмысты тоқтатады. Тапсырыс беруші Өнім берушіге жұмыстарды тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін ақы төлеуді жүргізеді.

38. Тапсырыс беруші Өнім берушінің жоғарыда айтылған себептермен оларды толық аяқтағанға және қабылдағанға дейін жұмыстардың қандай да бір зияны немесе зақымдануы үшін жауапкершілік жүктемейді және Өнім беруші қосымша өтеусіз қандай да бір зиянды барлық түзетуді, қандай да бір зақымдануды және өзге де жоғары айтылғандар нәтижесінде өзге де ақауларды жөндеуді жүзеге асырады.

39. Өнім беруші өнім беруді ұйымдастыру, Өнім беруші беретін, Объектіге жеткізілуге тиіс барлық материалдар мен жабдықтарды тасымалдау, тиеу және сақтау үшін жүргізіліп жатқан жұмыстарға жауапты болады.

40. Өнім беруші жұмыс жүргізілген жерден барлық құрылыс қоқысын шығаруға міндетті.

41. Өнім беруші Шартта айтылған барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге жұмыстардың аяқталғаны туралы хабарлама жібереді. Тапсырыс беруші 7 (жеті) күн мерзімнен кешіктірмей Шартқа сәйкес жұмыстардың аяқталуын бағалау жөніндегі комиссияны (Жұмыс комиссиясын немесе Тапсырыс берушінің өкілін) тағайындайды.

42. Жұмыс комиссиясы Өнім берушінің қатысуымен өткізіледі.

43. Жұмыс комиссиясы актісінің күні жұмыстар аяқталған күн болып саналады.

44. Жұмыс комиссиясы шалағайлықтардың тізбесін жасайды және оларды жою мерзімін көрсетеді. Жою күні Шарттың аяқталған күні болып саналады. Барлық жою фактісі түпкілікті жұмысты қабылдау актісімен анықталады.

45. Форс-мажорлық шарттарды қоспағанда, егер Өнім беруші Шартта айтылған мерзімде жұмысты орындамаса Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде өзінің басқа құқықтарына зиянсыз Шарттың бағасынан **0,1 пайыз сомасында аралық, түпкілікті тұрақсыздық айыбын есептеп, бюджетке өндіреді.**

46. Тапсырыс беруші Өнім берушіге осы Шарт бойынша орындалған көлем үшін осы Шартта айтылған соманы төлеуге міндеттенеді.

47. Өнім беруші орындаған жұмыстардың сомасынан Тапсырыс беруші барлық жұмыстар орындалғаннан және шалағайлықтар мен ақаулар тізбесін жойғаннан кейін Өнім берушіге төленетін орындалған жұмыстар құнының 5%-ын ұстап қалады.

48. Осы Шарт бойынша Өнім берушіге түпкілікті ақы төлеуді Тапсырыс беруші Өнім беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерді және Ақауларды түзету жөніндегі өзінің барлық міндеттемелерін толық орындаған жағдайда жүргізеді.

49. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді.

50. Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері:

| ***Тапсырыс беруші*** | ***Өнім беруші*** |
|---|---|
| Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | «Қадам - Б. М.К » ЖШС |
| Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 48 үй | Қызылорда қаласы, Қызылжарма қыстағы, Мұратбаев көшесі,19 |
| Тел./факс: 235487 | Тел. 87242 27-25-98 |
| Код 2542510, Код 12 | БСН 060640009510 |
| БСН 050140001703 | СТН 330100230249 |
| СТН 330100223818 | БСК ALMNKZKA |
| БСК KKMFKZ2A | Банктік деректемелер: |
| ЖСК KZ70070102KSN3301000 | ЖСК KZ36826N0KZTD2000702 |
| Банк: Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті | Банк: «АТФ Банк» АҚ |
| Басқарма бастығының орынбасары | Директор |
| _____ Р. Мұсабеков | _____ С. Беркимбаев |
| (қолы) | (қолы) |
| М.О. | М.О. |

2011 жылғы 28 ақпандағы
№ 16 шартқа - қосымша

## Сатып алынатын жұмыстардың тізбесі

**Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс** Шиелі ауданы Жахаев ауылдық округіндегі «Нұржан» каналын тазалау жұмыстарын жүргізу.

| Лот № | Тапсырыс берушінің аты | Жұмыстардың атауы* | Өлшем бірлігі | Саны, көлемі | Жеткізу шарттары (ИНКОТЕРМС 2000 сәйкес) | Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Жұмыстар-ды орындау орны | Аванстық төлем мөлшері, % | Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаржы көлемі Лот № бойынша, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| № 1 | Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | Шиелі ауданы Жахаев ауылдық округіндегі «Нұржан» каналын тазалау жұмыстарын жүргізу | Ұзындығы<br>Жер жұмыстарының көлемі | 3,0 шақырым<br>28800 текшеметр | ИНКОТЕРМС 2000 сәйкес жұмыстар-ды жүргізу | сәуір 2011 жыл | Шиелі ауданы Жахаев ауылдық округі | 30 | 3 797 000 |

*Толық мәлімет және тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сипаттамасы техникалық маманданымда көрсетіледі

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, тапсырыс беруші
Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқарма бастығының орынбасары
_____ / **Р. Мұсабеков**
М. О.

**Өнім беруші : «Қадам» ЖШС**
_____ / **С. Беркимбаев**
М. О.

2011 жылғы 28 ақпандағы
№ 16 шартқа - қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетудің техникалық маманданымы**

**Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс** Шиелі ауданы Жахаев ауылдық округіндегі «Нұржан» каналын тазалау жұмыстарын жүргізу

| **Тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетудің сипаттамасы** |
|---|
| Шиелі ауданы Жахаев ауылдық округіндегі «Нұржан» каналын тазалау жұмыстарын жүргізу<br><br>- жалпы жер жұмыстарының көлемі – 28800 текшеметр;<br>- тазаланатын каналдың ұзындығы 3,0 шақырым;<br>- атқарылған жұмыстарға 4 жылға кепілдік беріледі;<br>- барлық жер жұмыстарының көлемі «А.Үсенұлы» ЖК-дің әзірлеген жоба-сметалық құжаттамасының шарттарына сәйкес жүргізілуі тиіс |

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, тапсырыс беруші
Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқарма бастығының орынбасары

_____ / **Р. Мұсабеков**

М. О.

**Өнім беруші : «Қадам» ЖШС**

_____ / **С.Беркимбаев**

М. О.

конкурстық
құжаттамаға
1-қосымша

## Сатып алынатын жұмыстардың тізбесі

**Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс** Шиелі ауданы Жахаев ауылдық округіндегі «Нұржан» каналын тазалау жұмыстарын жүргізу

| Лот № | Тапсырыс берушінің аты | Жұмыстардың атауы* | Өлшем бірлігі | Саны, көлемі | Жеткізу шарттары (ИНКОТЕРМС 2000 сәйкес) | Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Жұмыстар-ды орындау орны | Аванстық төлем мөлшері, % | Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаржы көлемі Лот № бойынша, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| № 1 | Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | Шиелі ауданы Жахаев ауылдық округіндегі «Нұржан» каналын тазалау жұмыстарын жүргізу | Ұзындығы<br>Жер жұмыстарының көлемі | 3,0 шақырым<br>28800 текше метр | ИНКОТЕРМС 2000 сәйкес жұмыстар-ды жүргізу | сәуір 2011 жыл | Шиелі ауданы Жахаев ауылдық округі | 30 | 3 797 000 |

*Толық мәлімет және тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сипаттамасы техникалық маманданымда көрсетіледі

**«БЕКІТЕМІН»**
**Қызылорда облысының табиғи ресурстар**
**және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы**
**бастығының міндетін атқарушы**
**Е.Өтегенов**

**Қабылдау актісі**

**Шиелі ауданы** **«14»сәуір 20011 жы.**

**Шиелі ауданы, Иіркөл ауылдық округі, Жахаев ауылының « Нұржан » арығын тазарту жұмыстарын аяқтау .**

**Қатысушылар:**

Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім бастығы А.Байкенжеев, мердігер «Қадам Б .М .К » ЖШС-і директоры С.Беркімбаев, Иіркөл ауылдық округінің әкімі М.Мақаш болып, Шиелі ауданы Жахаев ауылы Нұржан каналының тазалау жұмыстарын көріп шығып, жұмыстың жобалық сметалық құжатта көрсетілген талаптарға сәйкес орындалғанын растап қол қоямыз және аталған жұмыс Иіркөл ауылдық әкімшілігінің теңгеріліміне өткізілді.

**Қызылорда обылысының табиғи ресурстар**
**және табиғат паудалануды реттеу басқармасының**
**бөлім бастығы** **А.Байкенжеев**

**Иіркөл ауылдық округінің әкімі** **М.Мақаш**

**«Қадам Б.М.К» ЖШС-і**
**директоры** **С.Беркимбаев**

**С П Р А В К А**
**о стоимости выполненных работ и затрат**
**за апрель месяц 2011 года**
(предоставляется ежемесячно субподрядчикам генподрядчику,
генподрядчикам застройщику и финансирующему банку)

**Заказчик:** ГУ "Управление природных ресурсов и регулирование природопользование Кызылординской области"

**Подрядчик:** ТОО " Кадам-Б.М.К"

**Договор:** № 16 от 28 февраля 2011 г

**Наименование объекта:** Проведение работ по очистке канала "Нуржан" в аульном округе И.Жахаева Шиелийского района

| № п/п | Наименование объектов и работ | Сметная стоимость в базовых ценах 2001 года рыночных ценах 2010 года | | Договорная стоимость тенге | | Акт выполненных работ с начало года, тг | | Акт выполненных работ за отчетный период, тенге | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Рыночная | базисная | Рыночная | базисная | Рыночная | базисная | Рыночная | базисная |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Проведение работ по очистке канала "Нуржан" в а.о И.Жахаева Шиелиского района | 3 797 860 | 1 873 790 | 3 797 000 | 1 873 565 | 3 797 000 | 1 873 565 | 3 797 000 | 1 873 565 |
| | Итого | 3 797 860 | 1 873 790 | 3 797 000 | 1 873 790 | 3 797 000 | 1 873 565 | 3 797 000 | 1 873 565 |

Заказчик: _____ Р.Т. Мусабеков
Заместитель начальника Управление природных ресурсов
и регулирование природопользование Кызылординской области"

Подрядчик _____ С.Беркимбаев
Директор ТОО " Кадам-Б.М.К"

Заказчик: ГУ "Управление природных ресурсов и регулирование пр[illegible]опользование Кызылординской области"
Подрядчик: ТОО " Кадам-Б.М.К"
Наименование стройки: Проведение работ по очистке канала "Нуржан" в аульном округе И.Жахаева Шиелийского района

# АКТ ВЫПОЛНЕННЫХ РАБОТ
за апрель месяц 2011 года

| № п\п | Шифр и номер позиции норматива | Наименование работ и затрат, единица измерения | кол-во | Стоимость единицы тенге | | Общая стоимость тенге | | Накладные расходы, тенге | Затраты труда, чел-час | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Всего | ЭММ | Всего | ЭММ | | рабочих строителей | |
| | | | | ЗП рабочих строителей | в т.ч ЗП машинист | ЗП рабочих строителей | в т.ч ЗП машинист | | раб-х обслуж-х машины | |
| | | | | | | | | | на единиц | всего |
| | | **Земляные работы** | | | | | | | | |
| 1 | Е101-24-2 | Разработка грунта дно и откосов каналов с заросшими заилениами бульдозерами мощностью 59 кВт, м3 | 18000 | 12,68 | 12,68<br>4,88 | 228269<br>0 | 228269<br>87794 | 76644<br>87,3 | 0,01 | 0<br>259 |
| 2 | Е101-24-10 | Разработка грунта дно и откосов каналов с заросшими заилениами бульдозерами мощностью 59 кВт, м3 | 18000 | 21,7 | 21,7<br>8,35 | 390638<br>0 | 390638<br>150242 | 131161<br>87,3 | 0,02 | 0<br>443 |
| 3 | Е0101-13-5 | Разработка грунта 2 группы в отвал экскаваторами "Драглайн" или "Обратная лопата" с ковшом вместимостью 0,25 м3, м3 | 10800 | 47,1<br>2,35 | 44,75<br>20,03 | 508632<br>25349 | 483283<br>216313 | 210971<br>87,3 | 0,01<br>0,06 | 135<br>672 |
| 4 | Е0101-164-2 | Доработка грунта 2 группы вручную в местах прохода мостов заросшими заилениами, глуб до 2 м без креплений откосами, м3 | 180 | 327,3<br>327,3 | | 58914<br>58914 | 0<br>0 | 59916<br>101,7 | 1,77 | 319<br>0 |
| 5 | Е0101-27-2 | Разравнивание грунтов дамбы бульдозерами мощностью 59 кВт при перемещении 2 гр грунтов до 5 м, м3 | 1195,01 | 8,89 | 8,89<br>3,42 | 10624<br>0 | 10624<br>4087 | 3568<br>87,3 | 0,01 | 0<br>12 |
| 5 | Е0101-27-2 | Разравнивание грунтов дамбы бульдозерами мощностью 59 кВт при перемещении 2 гр грунтов до 5 м, м3 | 8640 | 8,89 | 8,89<br>3,42 | 76810<br>0 | 76810<br>29549 | 25796<br>87,3 | 0,01 | 0<br>86 |
| | | **Итого прямые затраты** | | | | **1273886** | | **508056** | | |
| | | **Накладные расходы** | | | | **508056** | | | | |
| | | **Итого** | | | | **1781942** | | | | |
| | | **Ненормируемые и непредвиденные затраты** | | | | **106917** | | | | |
| | | **Итого** | | | | **1888859** | | | | |
| | | **С понижающим коэфициентом К=0,991** | | | | **1873565** | | | | |
| | | **Итого текущая стоимость в ценах 2010 г** | | | | **3323704** | | | | |
| | | **Налоги и сборы, обязательные платежа-2%** | | | | **66474** | | | | |
| | | **Стоимость в текущем уровне цен** | | | | **3390178** | | | | |
| | | **НДС 12%** | | | | **406821** | | | | |
| | | **Всего** | | | | **3797000** | | | | |

**Заказчик:** _____ **Р.Т. Мусабеков**
**Заместитель начальника Управление природных ресурсов и регулирование природопользование Кызылординской области"**

**Подрядчик** _____ **С.Беркимбаев**
**Директор ТОО " Кадам-Б.М.К"**